

**75**  
AMOZ

14 мамыр  
2021 жыл  
ЖҰМА

№ 9 (4473)

«АТЫРАУ МҰНАЙ ӨНДЕУ ЗАУЫТЫ» ЖШС БАСЫЛЫМЫ

# НОВАТОР

1948 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

WWW.ANPZ.KZ

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:



2  
НА ОБЩЕСТВЕННЫЙ ПРИЕМ –  
ЗА ПОМОЩЬЮ



3  
АРДАҒЕРЛЕРДІ  
АРДАҚТАЙЫҚ

## АКЦИЯ

Жер жүзіне керемет көрік беріп тұрған ағаш атаулының адам денсаулығына пайдасы мол екендігі белгілі. Ағаштар жазда жемісімен, жайнаған жапырағымен, саялы көлеңкесімен, қыста отынымен адамға пайдасын тигізеді. «Ағаш – баламыздың бесігі, үйіміздің есігі, ас табағың, қасығың», - деген ежелден күнделікті тұрмысқа қажетті заттарды жасауда бабаларымыз ағашты кеңінен қолданған. Бұдан бөлек, атмосфераның ластануымен күресте қалаларды көгалдандырудың маңызы өте зор. Өсімдіктер ауаны оттегімен байытады. Қазіргі таңда қаламыздың экологиялық ахуалының жақсаруына мұнай өндеушілер де өз үлестерін қосты.




## «БҰЛ МЕНІҢ АҒАШЫМ»

Осы орайда 2021 жыл «ҚазМұнай-Газ» ҰК АҚ компаниялары тобы үшін экология жылы деп жарияланғандықтан, «Таза табиғат» ұлттық экологиялық жобасы аясында «Бұл менің ағашым» атты акцияны кәсіпорын мерекесінде іске асырды.

Табиғатты, қоршаған ортаны қорғау және азаматтық қорғаныс жөніндегі басқарушы директор Ерсайн Жарбосынов:

«Атырау мұнай өндеу зауытының әр өндіріс, ибәлімшелерінің жұмысшылары бірігіп, халқымыздың таза ауа-



Көгалдандыру жұмыстарына 10-ға жуық техника жұмылдырылды. Атырау мұнай өндеу зауыты биылғы жылға 12 мың түп көшет отырғызуды жоспарлап отыр.

«1 мамыр – бірлік күніне орай 100-ден аса АМӨЗ қызметкерлері кәсіпорынның санитарлық қорғау аймағында 500 ге жуық ағаш отырғызылды. Аймаққа қарағаш, терек, тал, шаған, павловния және айлант сынды ағаштар отырғызылды. Олар жергілікті тұзды топырақта өсуге бейімделген. Жалпы 191 гектар жерге көшеттер отырғызылды», - деп атап өтті «Gold Sunray» ЖШС агрономы Андрей Лабзенов.

«Бір тал кессең, он тал ек» деген бабалар даналығын ұстанатын зауыттықтар бүгінгі таңда санитарлық аймақтың 224 гектар жерінің барлығын көгалдандырған.

мен тыныстауы үшін іс-шаралар қолға алынған. Бір адамдай жұмылып жұмыс жасауда. Осындай мерекелерді сәтті пайдаланып, ағаш отырғызып, жер талап, табиғатымызға қамқорлық жасауды қолға алдық», - деп іс-шараның маңыздылығын тілге тиек етті.

Арайлым ҚАБДЕШОВА  
Суретке түсірген  
Данияр МУХАМБЕТОВ

QAҒЫPSIZDIK

SAPA

TURAQTYLYQ



БЕЗОПАСНОСТЬ

КАЧЕСТВО

СТАБИЛЬНОСТЬ

ВСЕМИРНЫЙ ДЕНЬ ОХРАНЫ ТРУДА

## ВАША БЕЗОПАСНОСТЬ – В ВАШИХ РУКАХ

28 апреля во всем мире отметили Всемирный день охраны труда. В этом году он прошел под девизом: «Предвидеть кризис и быть готовым к нему – ИНВЕСТИРОВАТЬ СЕЙЧАС В АДЕКВАТНЫЕ СИСТЕМЫ ОХРАНЫ ТРУДА». Этой дате было посвящено двухдневное мероприятие, организованное службой безопасности и охраны труда АНПЗ.



Проверка знаний БиОТ прошла в интересном формате: персоналу было предложено пройти мини-тестирование и показать на практике как действовать в случае возникновения нештатных ситуаций в работе с опасными химическими веществами – бензолом, параксилолом и метанолом. Сотрудники службы БиОТ побывали во всех производственных подразделениях завода и постарались вовлечь в акцию максимум количества работников предприятия.

Зали хорошие знания техники безопасности и охраны труда как теоретически, так и практически. К примеру, оператор реакторного блока Андрей Андреев ответил правильно на все вопросы теста, а лаборант химического анализа ЦЗЛ Бобегим Ескалиева успешно справилась с практическим заданием, показав, как нужно действовать при разливе метанола. Стоит сказать, что коллектив центральной заводской лаборатории ответственно подготовился ко всемирному дню охраны труда, сделав специ-



- Проводя эту акцию во Всемирный день охраны труда мы еще раз обращаем внимание работников завода на повышение культуры безопасности на производстве и соблюдение правил БиОТ. С учетом пандемии COVID-19 эта тема приобрела еще более актуальный оттенок. Мы должны учесть уроки прошлого и опыт, накопленный в период борьбы с коронавирусной инфекцией, - сказал заместитель начальника службы БиОТ Арман Димукашев. - Пользуясь случаем призываю всех коллег пройти вакцинацию, чтобы обезопасить себя и близких. На сегодня это единственная действенная мера противодействия пандемии и возвращения к обычному ритму жизни.

Надо отметить, в ходе акции вакцинированные заводчане получили специальные призы.

Почти все работники, кому удалось участвовать в двухдневной акции пока-

зали хороший стенд на тему «Достоин труд-безопасный труд».

Участники акции были награждены специальными призами. Также были разыграны суперпризы «рюкзак-пикники на 4 персоны». Чтобы получить их нужно было ответить на три вопроса. Победителями суперигры стали оператор пульта управления блока гидроочистки дизеля КУГБД Еламан Жаугашты, оператор пульта управления ПАУ Евгений Веселов и оператор блока ГРХ ЭЛОУ-АТ-2 Роман Франко.

**Роман Франко, победитель суперигры**  
*«Принял участие в суперигре. Правильно ответил на все три вопроса и получил суперприз. Уважаемые заводчане, соблюдайте правила безопасности и будьте здоровы!»*

**Евгений Веселов, победитель суперигры**  
*«Я успешно сдал тест, получил хороший балл, и мне было предложено сыграть в суперигру. Задание было не из легких, но я справился и выиграл. Главное, в первую очередь каждый из нас в ответе за свою безопасность. Нас ждут дома, об этом нужно помнить всегда.»*

Индира САТЫЛГАНОВА  
 Фото Данияра МУХАМБЕТОВА, Райымбека ЖАНИБЕКОВА

ДИАЛОГ



## НА ОБЩЕСТВЕННЫЙ ПРИЕМ – ЗА ПОМОЩЬЮ

Генеральный директор ТОО «АНПЗ» Шухрат Данбай провел прием граждан в общественной приемной заводской первичной организации партии «Nur Otan». В числе обратившихся за помощью к первому руководителю завода как работники самого предприятия, так и жители Атырауской области.

Большую часть граждан, пришедших на прием беспокоит тема трудоустройства. Сын операционного координатора ПиТН Марата Каримова – Альмир Каримов – выпускник Уфимского государственного нефтяного технического университета (УГНТУ), имеет приличный стаж работы в области проектирования разведки и геологии. Имея теоретические знания по нефтепереработке, хочет внедрить их в практику, то есть работать на АНПЗ. Благо, у Альмира есть хорошая начальная база знаний и практический опыт работы на производстве. Окончательное решение по его трудоустройству будет принято после того, как он пройдет тестирование. Талгат Кенжегалиев, сын оператора технологической установки ПКис Жеткеншека Кенжегалиева тоже мечтает стать заводчанином. Однако его специальность – промышленное строительство не подходит для АНПЗ и Талгату было предложено трудоустройство в одной из подрядных компаний. Жительница Исатайского района Клара Сапарова обратилась с просьбой об оказании содействия в прохождении ее дочери Тилекши Карасай производ-

ственной практики на АНПЗ. Тилекши – будущий технолог нефтепереработки, учится в УГНТУ. Прохождение практики запланировано на июнь.

- Если к этому сроку Атырауская область войдет в «зеленую зону» ваша дочь сможет пройти практику у нас. Но, с одним условием: после окончания вуза Тилекши должна вернуться на завод. Нам нужны дипломированные кадры, именно по технологии переработки нефти - сказал Шухрат Данбай.

Продолжая тему подбора кадров для АНПЗ, генеральный директор завода подчеркнул, что необходимо усилить работу с вузами, где готовят будущих нефтепереработчиков и нефтехимиков. Проводить активную агитационную работу среди студентов с целью привлечения их на завод.

Всего на общественном приеме побывало 10 человек. Кроме вопросов трудоустройства, были рассмотрены обращения об оказании материальной помощи, обучении в вузе, участии в конкурсе «Жас маман» и другие.

Индира САТЫЛГАНОВА  
 Фото Райымбека ЖАНИБЕКОВА

СОТРУДНИЧЕСТВО

## РАСШИРЕНИЕ ПАРТНЕРСТВА

Компания NCOC поздравила ТОО «АНПЗ» с успешной поставкой зимнего дизельного топлива KHAZAR -38 для критического оборудования наземных и морских объектов компании и поблагодарила руководство и сотрудников завода за оказанную поддержку.

«Для NCOC приобретение зимнего дизельного топлива ПТФ-38 привело к публикации котировки в Argus и приданию ему международного статуса, а также стало образцом надежного импортозамещения и достижения 100 % использования местного дизельного топлива», - говорится в благодарственном письме.

Переговоры между Атырауским НПЗ и NCOC о поставках KHAZAR-38 были начаты в 2019 году, когда на Атырауском НПЗ стартовало производство зимнего дизельного топлива, и привели обе компании к взаимовыгодному сотрудничеству с 2020 года.

«Компания NCOC верит, что для АНПЗ это послужит признанием на международном уровне, увеличением спроса и поставок зимнего дизельного топлива на территории Республики Казахстан и за ее пределами», - отметил в письме заместитель генерального директора NCOC Еркем Марабаев.



ЖЕҢІС КҮНІ

Атырау мұнай өңдеу зауыты Ұлы Жеңістің 76 жылдығы қарсаңында ардагерлерді ұлықтауды әдетке айналдырған. Сұрапыл соғыс жылдарында зауыттың іргетасы қаланып жатырған болатын. Зауытта өкінішке орай қазіргі таңда кәсіпорында қызмет еткен Ұлы Отан соғысының ардагерлері қалған жоқ. Десек те, олардың артында қалған жесірлері мен тыл ардагерлерін ардақтауды кәсіпорын биыл да қолға алды.

## АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ

Атырау мұнай өңдеу зауытының басшылығы мен кәсіподақ ұйымы бірлесе отырып 4 Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің жесірлеріне ақшалай сыйлық пен тәттіге толы себет сыйлады.

Пандемияның таралуына жол бермеу мақсатында барлық сақтық шараларын сақтай отырып ардагерлерге құрмет көрсетілді.

«Бізге бейбіт өмір сыйлаған ардагерлерімізді ұлықтау дәстүрі биыл да жалғасын тапты. Жесірлерден бөлек 23 тыл еңбеккерлеріне кәсіподақ ұйымының атынан ақшалай сыйлық сыйланды», - деп атап өтті «АМӨЗ» ЖШС кәсіподақ ұйымының зейнеткерлермен жұмыс бойынша маманы Болат Қабдрахиев.

Егде жасқа келіп қалған ардагерлердің көзінен мұң байқалса да мереке қарсаңындағы жүректеріндегі қуаныштары ерекше сезілгендей. Көпті көрген ардагерлерден «АМӨЗ ұжымы

ерекше күшке ие» деген тіркесті жиі естуге болады. Осы жолы да зауытқа деген алғыстарын айтып, ерекше сезімдерін білдіріп жатты.

«Мен соғыстан қайтқан соң зауытқа кадр бөліміне жұмысқа орналастым. Кейін жұмысымды ауыстырғаныммен де жолдасым Зот Портнов сол жылдардан бастап, кейін зейнетке шыққаннан соң да кәсіпорынға қызмет қылған. Ол зауытқа қажет маман, үздік қызметкерлердің қатарында болатын. Бізге үнемі құрмет көрсетіп тұратындықтарыңызға рахмет», - деп алғысын білдірді ардагер Фаина Портнова.

Жеңіс бізге оңайлықпен келген жоқ. Ал, сол тұста мұнай өндірісін дамытудың да қажеттілігі ерекше болатын. Қиын қыстау заманның ағымымен қатар өндірісте қызмет еткен ардагерлерді зауыттықтар үнемі ардақтап, құрмет көрсетуден жалыққан емес.

Арайлым ҚАБДЕШОВА



Суретке түсірген Данияр МУХАМБЕТОВ



ПРОФСОЮЗ

## СОЦИАЛЬНАЯ ЗАЩИТА КАЖДОГО

Оператору технологической установки ЭЛОУ-АВТ-3 ППНГО Ануарбеку Дадишеву осталось менее года до выхода на заслуженный отдых. Его заводской стаж составляет 41 год. Заботясь о своем пенсионном «будущем», заводчанин пришел на прием к председателю профсоюзной организации ТОО «АНПЗ» Г. Амантурлину. Разговор двух коллег начинается с приятных воспоминаний о прошлой совместной работе.

- Когда я 1979 году пришел работать на завод, Галимжан Жиршибекович работал старшим оператором, - вспоминает Ануарбек Дадишев. - Он один из моих наставников, также, как и уже ушедшие из жизни Мажит Камалиденов и Малик Туракбаев. Благодаря этим людям я состоялся как специалист. Стал кадровым работником, ветераном завода, удостоен многих наград, моя фотография неоднократно вывешивалась на Доске Почета.

- Выход на пенсию - это начало очередного жизненного этапа и не нужно этого бояться, - говорит председатель профсоюзной организации ТОО «АНПЗ» Галимжан Амантурлин. - Больше времени можно посвятить отдыху, уделить внимание родным и близким. И конечно же, родное предприятие в лице профсоюза и администрации позаботилось о том, чтобы работник, выходящий на заслуженный отдых, был социально защищен. Во-первых, если он имеет свыше 15 лет непрерывного стажа на заводе, то ему полагается единовременная выплата в размере 25 МРЗП, но не менее 3-х окладов. Если у человека возникнут вопросы по поводу начисления пенсии, то он может обратиться к юристу нашего профкома за консультативно-правовой помощью. Дальше, став членом общества пенсионеров ТОО «АНПЗ», ветеран может рассчитывать на все положенные ему льготы, действующие в рамках Коллективного договора.

Как отметил Галимжан Жиршибекович, в Коллективном договоре, рассчитанном на 2019-2021годы, не только сохранен весь предыдущий социальный пакет, но и введены дополнительные льготы. 16 позиций в этом основополагающем документе отведены именно на социальную защиту пенсионеров завода. - К примеру, мы вернули ранее от-



мененную ежемесячную доплату к пенсии, - рассказывает глава профсоюзной организации. - Помимо этого, оказывается материальная помощь в размере 8МРЗП на организацию похорон пенсионера или его супруги (пенсионера); материальная помощь к праздничным дням в размере не более 4МРП; материальная помощь к юбилейным датам в связи с 60-летием (пенсионерам по инвалидности в связи с 50-ти и 60-ти летие) и далее каждый 10 лет в размере не более 3МРЗП; для организации мероприятий по случаю Дня Победы с вручением материальной помощи пенсионерам завода - участникам Великой Отечественной войны - по решению Правления и приравненных к ним лиц в размере не более 5МРП; на лечение, в том числе и на стоматологическое - не более 8МРЗП; на частичное протезирование зубов - в размере не более 30 МРП.

Еще одно важное примечание, на котором акцентировал внимание заводской профсоюзный лидер: все виды социальных гарантий и льгот о которых говорилось выше, распространяются и на пенсионеров организаций, которые были выведены на аутсорсинг в рамках Программы реинжиниринга бизнес-процессов НПЗ (2014-2017гг.).

Главная цель нашей деятельности, отметили в заводской профсоюзной организации, это не только сохранение социальной стабильности в трудовом коллективе, но самое главное - защита прав и интересов каждого работника и ветерана АНПЗ.

Индира САТЫЛГАНОВА,  
Фото Данияра МУХАМБЕТОВА

ВАКЦИНАЦИЯ

## ПОЛУЧИ СВОЙ ИММУННЫЙ СТАТУС!

Мастер токарной группы Самат Тукбаев начал свой трудовой путь в ремонтно-механическом цехе завода. После вывода персонала цеха на аутсорсинг, Самат работает в подрядной компании - ТОО «Сервисный центр Казтурборемонт», оказывающей услуги АНПЗ. Как только в Атырау прибыла первая партия вакцины «Спутник V», Самат вместе с супругой, не раздумывая, пошли на прививочный пункт.

- Первый компонент вакцины я получил 5 апреля, а второй - 26 апреля. Все прошло хорошо, никаких побочных действий ни у меня, ни у супруги не было, - рассказывает С.Тукбаев. - Сын Аслан, работающий вместе со мной в одном цехе, тоже на днях получил первую дозу вакцины. Считаю, что вакцинация - это путь к безопасности. Я работаю в большом коллективе, и мне важно, как свое здоровье, так и здоровье коллег, а также друзей, родных и близких. И так считает моя жена, которая работает в детском саду. Теперь у меня есть паспорт вакцинации.

### КАК ПОЛУЧИТЬ ПАСПОРТ ВАКЦИНАЦИИ?

- Как только человек проходит ревакцинацию, проще говоря получает вторую дозу вакцины, в тот же день его данные заносятся на веб-портал и ему присваивается статус «вакцинированный». На него оформляется электронный паспорт в eGov mobile, - объясняет медицинский директор ТОО «Медикер Жайық» Бакытжамал Иманалиева. - Но, главное, и это нужно помнить всем, вакцинация делается не ради паспорта, а прежде всего для укрепления иммунитета. Поэтому нужно идти на прививочные пункты и вакцинироваться. Ради собственного здоровья и здоровья близких.

### ЦИФРОВОЙ ДОКУМЕНТ

eGov mobile - это электронное приложение, которое нужно скачать на сотовый телефон. Там, в разделе «цифровые документы» есть «личный кабинет», где можно найти всю информацию о вакцинации, точнее, о датах прививок, в какой медицинской организации они были сделаны, како-



го производства вакцина и т.д. Можно продемонстрировать документ по месту требования и открыть доступ с помощью QR-кода.

### ЖИЗНЬ БЕЗ ОГРАНИЧЕНИЙ

Вакцинация дает возможность человеку вернуться к прежнему образу жизни, без ограничений и возобновить социальное общение. А это свободное посещение мест отдыха, культурных, спортивных и торговых объектов. Об этом заявляют специалисты. И если в Казахстане пока нет ограничений свободного передвижения для лиц, не получивших прививки от COVID-19, то такие трудности могут возникнуть при выезде из страны. Так как некоторые страны уже заявляют о возможном запрете на въезд иностранных граждан, не получивших вакцину.

Индира САТЫЛГАНОВА

## ЖАҢА ЖОБА

«Жасыл кеңсе» деп барлық ресурстар үнемді пайдаланылатын және қоршаған ортаға қамқорлық танытатын кеңсені атайды. «Жасыл кеңседе» қызметкерлер еңбек жағдайы, жайлылық, еңбек өнімділігін арттыру, дизайн және сәулет, көгалдандыру, тұрғын ортаның сапасы, демалу үшін мүмкіндіктерді үнемі жақсарту шараларына тартылады.

## «ЖАСЫЛ КЕҢСЕ» – ЗАУЫТТА



Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы Бағдарламаларының Кеңесі мен ҚР Энергетика министрлігінің қолдауымен «Жасыл экономика және G-Global дамуы» Коалициясы ұйымдастыратын «Жасыл кеңсе» жыл сайынғы республикалық конкурсына қатысуға мүмкіндік береді.

«Жасыл кеңсе» - бұл зиянды химиялық шығарындыларсыз жиназдың, қабырға жабындыларының және едендердің «экологиялық таза» материалдардың қолданылуы; барлық ресурстардың үнемді пайдаланылуы; қоршаған ортаға деген қамқорлық; өрт қауіпсіздігінің сақталуы.

«Жасыл кеңсе» жүзеге асуы үшін төмендегідей жалпы ұсыныстар бекітілген:  
 \*Энергия үнемдеу технологияларын енгізу арқылы электр энергиясын үнемдеу;

\*Ұжым деңгейінде электр энергиясын үнемдеу;  
 \*Жылу үнемдеу;  
 \*Суды үнемдеу;  
 \*Қағазды ұтымды таңдау және пайдалану;  
 \*Ұжымдағы экологиялық саясат;  
 \*ҚМГ корпоративтік орталығының парниктік газдарының шығарындылары: жылу мен электр энергиясын тұтынудан-біз парниктік газдың шығарылуына жанама зиян келтіреміз;

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ биылғы жылды «экология жылы» деп белгілеп, ауа тазалығына ерекше мән беруде. Сол себепті Атырау мұнай өңдеу зауытының қызметкерлері де «Жасыл кеңсе» жобасын қолдайды. Қазіргі таңда зауытта аймақтарды көгалдандыру, коқыстарды сұрыптау, қағаздарды ұтымды пайдаланып, электр, жылу, су жүйелерін үнемді пайдалану іс-шараларын қолға алуда.

Арайлым ҚАБДЕШОВА

## АЛҒЫС

## БІЗ АНТЫМЫЗДЫ ОРЫНДАДЫҚ

Кең байтақ еліміз бейбіт тіршілігін бастан кешіп жатырған тұста біздің 18, 20 жастағы бозбалаларымыз қолдарына қару ұстап, көп бейнетті бастан өткізіп жатқан Ауған халқына көмекке аттанған болатын.

Ауғанстаннан қайтқан шектеулі әскери команданы генерал Громовтың өзі: «Шынында да бүгінгі күн біз үшін кімнің дұрыс, кімнің бұрыс еместігін талқыға салу ақылға сыймас еді», - деген болатын. Сол соғыста Атыраулық он төрт боздақ қаза тапты, бір жауынгер хабарсыз кетті. Олардың жарқын бейнелері біздің жадымызда мәңгі сақталады. Данқты батырымыз Бауыржан Момышұлының «Отан үшін отқа түс - күйемейсің» деген жалынды сөзі бүгінде нақ біздің интернационалист жауынгерлеріміздің өмірімен тура қабысып жатқандай. Қазіргі уақытта біздің қоғамдық бірлестігіміз жастарға патриоттық тәрбие беру ісінде ауқымды жұмыстар жүргізуде.

Ұлы Отан соғысы кезінде мұнайшыларға үлкен жауапкершілік жүктелді. Соғыстың ауыр кездерінде мұнай өндірісінің үздіксіз жұмыс істеуі қатал

талап етілді. Атырауда өңделген «Қара алтын» тоқтаусыз майданға жөнелтілді. Қиын жағдайға қарамастан жаңа кен алаңдары іске қосылып, өнім өндіру көлемі ұлғайтылған. Аға буынның Отан үшін аянбай еңбек еткен шежірелі жолы күні бүгінге дейін сәтімен жалғасын тауып келеді. Біз үшін сіздер ерліктің, табандылық пен отансүйгіштіктің озық үлгісі болып қала бересіздер. Еліміздің жас буынын Отан қорғаушылар күнімен құттықтаймын. Бүгінгідей мерейлі де мерекелі күнде өздеріңізге шын жүректен мықты денсаулық, сәттілік пен ұзақ ғұмыр тілеймін. Отанымыздың бейбіт аспанын ешқашан бұлт шалмасын.

Жеткеншек КЕНЖЕҒАЛИЕВ,  
 Атырау мұнай өңдеу зауытының  
 Ауғандық ардагерлер кеңесінің  
 төрағасы

## ПУТЬ СУВЕРЕНИТЕТА

В нашей газете мы открыли рубрику, посвященную 30-летию Независимости Республики Казахстан. В одном из прошлых номеров мы дали основные ключевые события, вошедшие в историю завода в 1991 году. Сегодня мы предлагаем вашему вниманию хронологию 1992, 1993 и 1994 годов.



## 1992 год

- \* Завод вступил в состав объединения «Магышлакнефть» на правах государственного предприятия.
- \* 4 октября Гурьевский городской Совет народных депутатов принял решение о переименовании областного центра в город Атырау, после чего Гурьевский НПЗ был переименован в Атырауский НПЗ.
- \* Атырауский НПЗ впервые осуществил переработку тенгизской нефти – нефти нового типа со значительно большим содержанием светлых фракций и, одновременно, с высоким содержанием в ней метилэтилмеркаптанов.
- \* По итогам года завод переработал 4 416, 2 тысячи тонн нефти.

## 1993 год

- \* В феврале АНПЗ стал акционерным обществом «Атырауский нефтеперерабатывающий завод».
- \* Налажено крупнотоннажное производство деэмульгаторов марок «Атырау».
- \* Был освоен выпуск продукции – растворителя № 651, который применялся для разбавления эмали, красок и лаков.
- \* Сдан в эксплуатацию профилакторий в Жилгородке.
- \* По итогам года завод переработал 4 677, 7 тысячи тонн нефти.

## 1994 год

- \* Испытательный Центр «ЦЗЛ» один из первых в РК аккредитовался в Государственной системе сертификации Республики Казахстан.
- \* Освоен новый вид продукта – мазут М-40, экспортный вариант.
- \* Освоены выпуски охлаждающей автожидкости «Тосол» и чистящего средства «Афол».
- \* По итогам года завод переработал 4 804, 3 тысячи тонн нефти.

## ҮЗДІК ҚЫЗМЕТКЕР

## ДАРЫНДЫ ДАМИР

Дамир Құрмашев 1992 жылы Атырау облысы Атырау қаласында дүниеге келген. 2010-2014 жылдар аралығында Атырау мұнай және газ университетін тәмамдап, 2019 жылы 24 шілдеде тактілі құю автоматтық қондырғысына оператор болып қызметке тұрады. Бүгінгі таңда сол қондырғының үздік қызметкері.

«Мен көп балалы отбасында дүниеге келдім. Өзім де 2020 жылы өз отбасымды құрдым. Бүгінгі таңда жеткен жетістіктеріме би өнерін қоса аламын. 2007 жылдан бастап «Брэйк данс» деп аталатын би түрімен айналыса бастадым. Республикалық, қалалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болғанмын. Қазіргі таңда өсіп келе жатырған бүлдіршіндерге сол би түрін үйретіп, ұстаздық етемін. Бұл менің жетістігім және де хоббиім», - дейді жас маман. Өзінің ерекше өнерін жарыққа шығарып, сол салада биік белестерден көріне отырып, талай медальдар мен алғыс хаттарды қанжығасына байлаған.

Бұдан бөлек бос уақытын салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен айналысатындығын да тілге тиек етті.

Бірақ қазіргі таңда қиындығы мен қызығы мол мұнай өңдеу зауытында жұмыс жасай жүріп, өзін бұл салада үздіктердің қатарынан табыла білді.

«Ең алдымен өрт сөндіруші болып қызмет атқарып жүрген кезімде, мұнай саласына деген қызығушылығым ашылып, шамамен 5 жылдан

соң емтихан тапсырып, мұнай өңдеу салдасының қызметкері атандым. Қазір тактілі құю автоматтық қондырғысының қызметкерімін. Біздің қондырғыда қауіпсіз құю болып табылады. Маған жұмысым өзіме қатты ұнайды. Осы жерде жүріп аға буын өкілдерінен көп нәрсе үйрендім. Мен қызмет ететін ортада ұжымның ауызбіршілігі мен ынтымағы қатты ұнайды. Жұмысымда барлығы автоматтандырылған, таза, ұқыпты. Сонысымен де ұнайды. Мен өз мамандығымды мақтан етемін. Өрі Атырау мұнай өңдеу зауытында қызмет ететіндігімді мақтан етемін», - дейді Дамир.

Кейіпкеріміз зауыттың қоғамдық жұмыстарына да белсене араласып, өзінің тұлға бойына тундырған өнерлерін кәсіпорын қабырғасында да танытып жүрген жандардың бірі.

Қазіргі таңда өз отбасын құрған Дамир Құрмашев жанұясының қорғаны, қызметінде үздік маман, сонымен қатар салауатты өмір салтын ұстана отырып, жүрегінің қалауы, өнерін де қатар алып жүр. Оның болашаққа деген арманы асқақ, мақсаты биік.

Арайлым ҚАБДЕШОВА  
 Суретке түсірген Данияр МҰХАМБЕТОВ

## ВНИМАНИЕ!

ОБЪЯВЛЯЕТСЯ КОНКУРСНЫЙ ОТБОР ПО ПРОГРАММЕ «ЖАС МАМАН» ДЛЯ ОЧНОГО ОБУЧЕНИЯ ДЕТЕЙ РАБОТНИКОВ ТОВАРИЩЕСТВА ЗА СЧЕТ СРЕДСТВ ТОО «АТЫРАУСКИЙ НПЗ» В ВЕДУЩИХ ТЕХНИЧЕСКИХ ВУЗАХ:

- Российском государственном университете нефти и газа им. И. М. Губкина;
- Уфимском Государственном нефтяном техническом университете;
- Атырауском университете нефти и газа.

по основным заводским специальностям технического профиля:

- «Химическая технология органических веществ» (ХТОВ);
- «Химическая технология природных энергоносителей и углеродных материалов»;
- «Машины и оборудование нефтегазовой отрасли».

Для участия в конкурсном отборе приглашаются учащиеся 11 классов средних общеобразовательных школ, имеющие успеваемость «отлично» и «хорошо» по предметам химия, физика, математика, участники и призеры городских, областных, республиканских олимпиад по этим предметам.

ПРИЕМ ЗАЯВЛЕНИЙ ОСУЩЕСТВЛЯЕТСЯ ДО 30 МАЯ 2021 ГОДА.  
 ПО ВСЕМ ВОПРОСАМ ОБРАЩАТЬСЯ В ОТДЕЛ УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ  
 ПО ТЕЛ. 259-760, 259-210.

«НОВАТОР» басылымы  
 №9. 14 мамыр 2021 жыл

РЕДАКЦИЯ МЕКЕН-ЖАЙЫ:  
 060001, Атырау қ.,  
 «АМӨЗ» ЖШС, З.Қабдолов к-сі,1  
 тел.: 25-97-71, тел.факс: 25-96-75

Газет «Print House Gergona» ЖШС  
 баспаханасында басылды.  
 Алматы қ, Помяловский к-сі,  
 29 «А»/1. Тел: 398-94-59,  
 250-47-40, 398-94-60; ф.250-47-39  
 Тиражы 1200 дана  
 Тапсырыс № 707

БҰҚАРАМЕН БАЙЛАНЫС  
 ЖӨНІНДЕГІ БӨЛІМІ:  
 бастығы А.Татиева  
 «MEDYAGROUP» ЖК:  
 жетекшісі – Д.Мұхамбетов  
 редакторлар: И.Сатылғанова,  
 А.Аймұратқызы.

Газет  
 Қазақстан Республикасының  
 баспасөз және бұқаралық  
 ақпарат министрлігінде  
 1992 жылғы 27 мамырда  
 тіркеліп, тіркеу туралы  
 №790 күәлігі берілген

Газет редакциясы жарнама  
 материалдары мен хабарландырулар,  
 құттықтаулар және көңіл айту  
 мазмұнына жауап бермейді.

# НОВАТОР